

Филология факультеті

Қазақ тілі білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Астана, 2022

2-дәріс тақырыбы: Терминге қойылатын талаптар


Қарастырылатын мәселелер:

- Мағынаға қатысты талап;
- сыртқы тұлғасына қатысты талап;
- қолданысына қатысты талап.



Ғылымда терминге түрлі талаптар қойылып жүр. **Ө. Айтбай** ғалымдардың пікіріне сүйеніп, терминге қойылатын талаптарды белгі ретінде көрсетеді.

Ол **І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов** сөздігін негізге ала отырып, былай дейді: «Сонда термин дегеніміз, ең алдымен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады. Оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік»



Ш.Құрманбайұлы пайдалы деген талаптарды былайша сипаттаған:

- Терминнің бірмағыналылығы;
- Термин мағынасының дәлдігі;
- Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы;
- Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;

- Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы;
- Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы;
- Эстетикалық талаптарға сай келуі.

Терминге қойылатын талаптарды 3 топқа бөліп қарастырамыз.

1) мағынаға қатысты

2) сыртқы тұлғасына
қатысты

3) қолданысына қатысты



Бірінші талап - мағынаға қатысты талап. Әрбір терминнің өзіне тән мағынасы болуы - заңды талап. Терминнің білдіретін ұғымына термин жасаған сөздің мағынасы сәйкес келуі шарт.



Термин бір мағыналы болу керек деген талап срекше орын алады. Ол туралы **Ш. Құрманбайұлы:** «Терминнің бірмағыналылығы. Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. «Бір таңбаланушыға - бір таңба, бір таңбаға - бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады»



Екінші талап - терминдердің сыртқы тұлғасына қатысты десек, терминдерге тұлғалық жағынан мынадай талаптар қойылады:

- тілдік нормаға сәйкестігі;

- қысқалық;

- лексикалық қысқалық;


- тұлғалық қысқалық;

- вариантсыздық;

- уәжділік;

- жүйелілік.





Термин тілдік бірлік, сондықтан ол тілдің нормалық талабына сай келуі керек. Ол оның дыбыстық құрамына, орфоэпиясына, тілдің грамматикалық заңдылығы бойынша сөйлеуде, мәтінде қолданылуына байланысты болады. Бұл тілдік қолданыстағы шетел терминдерімен байланысты.

Тұлғаға қатысты келесі талап - **қысқалық**. Бұл талап күрделі терминдерді қолдану, есте сақтау қиындығына байланысты қойылған.

Термин қысқа болу керек деген пікірді академик **Ө. Айтбай** айтқан.

Ш. Құрманбайұлы: «Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады»



Терминдерге қойылатын талаптың үшіншісі - терминдердің қолданысына байланысты талап. Мұнда терминдердің өз саласында қолданылып жүргені негізге алынады.

А. Байтұрсынұлынан бастап негізі қаланған және Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н.Т. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Балақаев, А. Ысқақовтардың жасаған терминдері қазір де ғылыми айналымда, қолданыста.

Қорыта келе, ұлт тіліндегі терминдер қазір қолданысқа түсті. Ұлт тіліндегі терминдердің қолданысы қазір жалпылық қасиетке ие болды деп айту қиын. Бірақ болашақтан үмітіміз үлкен. Салалық терминологиялық сөздіктерде қазақша терминдерді жасауда қазіргі заман талабы негізінен ескерілген. Кемшіліктер баспасөз бетінде айтылып жүр. Келешекте ондай олқылықтар түзетіліп, терминдеріміз ұлт тілінде қалыптасады деген сенім бар. Терминжасамда терминге қойылатын талаптар ескеріліп, ол талаптар термин сапасын арттыруға қызмет етеді деп ойлаймыз.



Пайдаланған әдебиеттер:

- Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 445 б.
- Қазақ білімпаздарының тұңғыш сііезі. - Алматы, 2005. - 144 б.
- Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
- Терминология мәселелері. 1-кітап. - Астана: 1С-Сервис ЖШС, 2006. - 288 б.
- Терминдер және олардың аудармалары. - Алматы: Ғылым, 1990. - 216 б.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 2010. - 581 б.
- Молдажаров Ж.М. Қазақ лингвистикалық терминологиясының қалыптасуы мен дамуы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. - Алматы, 1972.
- Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. - Астана, 2002. - 184 б.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

